

ЖОБА

Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 470 «2021-2023 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының және 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 470 «2021-2023 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - «22 705» сандары «24 155» сандарымен ауыстырылсын;
ағымдағы нысаналы трансферттер - «632» сандары «2082» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – «24 747,2» сандары «26 197,2» сандарымен ауыстырылсын;
ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты есебінен «632» саны «2082» сандарына ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні